

## **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ КАФЕДРАСЫ ОПҚ-НЫҢ ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАР МЕН ІС-ШАРАЛАР:**

Оқу-әдістемелік жұмысы бойынша. Оқу процесі үшін жаңа элективті курстары енгізілді (Алаш Орда үкіметінің 100-жылдығына және ҚР Президенті Н.А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына орай ж.б. өзекті мәселелр бойынша):

1. Алаш қозғалысы: жаңа деректер негізінде мәселені қайта қарау (автор курса проф.Койгелдиев М.К.)
2. Политические репрессии в Казахстане 20-50-е гг. XX в. (проф.Койгелдиев М.К.)
3. Народная история: теория и практика (доц.Б.О. Жангуттин)
4. Архив құжаттары тарихи текстология контексінде (ст.преп..Тілеубаев Ш.Б.)
5. История межэтнических отношений в Казахстане (идентичность) (Калыбекова М.Ч.)
6. Устная история: теория и практика (ст.преп. Тілеубаев Ш.Б., ст.преп.Азретбергенова Э.)
7. Әлеуметтік тарихтың методологиясы және зерттеу әдістері (и.о.Мырзатаева З.Б.),

«Қазақ халқының рухани мәдениеті (Духовная культура казахского народа)» (Карибжанова Е.А., Нурымбетова Г.Р.). Элективный курс университеттің төмендегідей мамандықтарында жүргізіледі: 5В011400 История; 5В030100 Юриспруденция; 5В020700 Аударма ісі; 5В021000 Шетел филологиясы; 5В020500 Филология; 5В040900-Хореография; 5В041300-Живопись; 5В041400-Графика; 5В041700-Декоративно-прикладное искусство; 5В042100 Дизайн одежды; 5В020200 Халықаралық қатынас; 5В030200 Халықаралық құқық; 5В050700 Менеджмент; 5В050800 Есеп және аудит; 5В050900 Финанс; 5В051100 Маркетинг.

**Ашық сабақ жөнінде.** 2017 жылдың 5 желтоқсанында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ бағдарламасы аясында «Туған жер: жаңа ізденістер мен нәтижелер» атты тақырыпта ашық сабақ өткізілді (т.ғ.к., ассоц.проф.мінд.атқ. Мырзатаева З.Б.). Ашық сабақ инновациялық ғылыми жобалар байқауы форматында ұйымдастырылды.

Ашық сабақта магистранттар Туған жер тақырыптарына арналған ғылыми жобаларын инновациялық - «күнделікті өмір тарихы», «айтылған тарих», «әлеуметтік тарих» сияқты қазіргі технологиялық құралдарды қолданысқа тартты.

Атап айтар болсақ, байқауға «Құлагер ықшам ауданы тұрғындарының әлдеуметтік-мәдени бірегейлігі» (Жобаға жетекшілік жасап оқушыларды даярлаған Рүстемова Мәдина және 9 сынып оқушылары Саябаева Алуа, Тоқтасын Әйгерім)», «Бесмойнақ ауылы» (Жобаға жетекшілік жасаған:

Азимов Нұрлан және 11 сынып оқушысы Кеңесхан Нұрбек), «Жамбыл ауылы» (Жобаға жетекшілік жасаған Исаев Зәуірбек)», «Жаңашар ауылы» (Жоба жетекшісі: Тәукебаева Гүлзат және 9 сынып оқушысы Серікбаева Сабина) деп аталатын жұмыстар даярланды. Әр жобада зерттеудің мақсаты, міндеті мен жаңалықтары айқындалды. Жұмыстың соңында өңірдің тарихи жер атаулары, соған сәйкес ел ішіндегі тарихи әңгімелер, өңірдің табиғи байлықтары мен сол орындардағы қасиетті жерлер ж.б ақпараттар, тың ойлар айтылды.

Әсіресе, тәуелсіздік жылдары бой көтерген «Құлагер» ықшам ауданы тұрғындарының әлеуметтік-мәдени бірегейлігі ерекше талданып, көрсетілді. Сөйтіп жаңа технологиялық құралдарды арнаулы курс аясында игерген жас маман иелері өз теориялық білімдерін практикамен ұштастырып, ғылымның жаңа баспалдағына көтерілді. Жамбыл ауылын зерттеушілер тобы Жамбыл атаның ұрпақтарымен кездесіп, тереңдетілген тарихи сұхбаттар жүргізіп, ол материалдардың аудио-видео нұсқаларын ресми құжаттандырды. Жас зерттеушілер тарланбоз ақын Жамбылдың ауылының тарихын өлең өрнектерімен баян етті. Мысалы Псурова Меруерт өз жанынан шығарған ұзын шумақтардан тұратын өлеңін оқыды. Бұдан қорытатынымыз магистранттар Отаншылдық, азаматтық, бірегейлік сананы қалыптастыруға, бүгінгі бәсекеге қабілетті жастар деуге негіз бар.

Ал, мектептен келген жасөспірімдер магистрант-тәлімгерлерінің басшылығымен орындаған ғылыми жобаларын бірге қорғады. Жобаны қорғау барысында аудитория түрлі сұрақтар қойды, бұл диспут жасөспірімдердің ғылыми шығармашылықтағы дағдыларын қалыптастыруда өз септігін тигізді деп ойлаймыз.

Ашық сабаққа «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, проф. Қойгелдиев М., «Қоғамдық пәндер және тарихты оқыту методикасы» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., проф. Нұрманбетқызы Ж., Тарих және құқық институты директорының орынбасары, PhD докторы Асымова Д.Б., әлеум.ғ.д., проф. Нұрымбетова Г.Р., т.ғ.д., доц. Жангуттин Б.О., т.ғ.д., доц. Сайфулмаликова С.С., т.ғ.к. доц., Байсалбаева Т.М., докторант Белоус С.Г. қатысты.

**Ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша.** Қойгелдиев М.Қ. Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылында Мәдениет сарайында 17 қараша күні «Рухани жаңғыру және өңір тарихы» атты тақырыпта аудан мұғалімдері және зиялы қауым алдында баяндама оқылды.

8. Қойгелдиев М.Қ. Алматы қаласындағы, Құлагер ықшам ауданы, №148 орта білім беру мектебінде 2017 ж. 27 қараша күні мұғалімдер мен мектеп оқушыларының алдында «Рухани жаңғыру білім жүйесінде» баяндама оқылды.

9. Қойгелдиев М.Қ. Алматы облысы, Ұзынағаш ауылында 2017 ж. 7 желтоқсанда «Байсейіт батыр ел жадында» деген тақырыпта өткізілген конференцияда баяндама жасалынды.

10. Байсалбаева Т.М. 30.11.2017 ж. «Абылай» атындағы жеке меншік орта білім беретін мектепте «Жас ұрпақ рухани жаңғыру жолында» атты баяндама оқыды.

11. Тілеубаев Ш.Б. 27.11.2017 ж. Алматы облысы, Іле ауданы, Жаңадәуір ауылының № 5 мектебінде «Рухани жаңғыру және Алаш зиялылары» атты кеште «Алаш зиялыларының ағартушылық және ұлтшылдық идеялары жөнінде» және Нұрман Ш.Т. «Алаш зиялыларының кеңестік жер саясатына көзқарасы» тақырыбында баяндама оқыды.

12. Мырзатаева З.Б. «Тарих айту дәстүрі» және «Айтылған тарих»: терминдер алуандығы мен сәйкестігі. // Актуальные научные исследования в современном мире. Сб.научных трудов. Вып 11(31), Ч.7, Переяслав-Хмельницкий, 2017. С. 75-80

13.Мырзатаева З.Б. Мектепте тарих пәнін оқытудың жаңа технологиясы (күнделіктілік және айтылған тарих бағыты жөнінде). // Хабаршы «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы», 2017 ж. № 4. ж.б.